

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университет

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Есмағанбет Сая Саматқызы

Қызылорда облысындағы Бірлік ауылдық округін сумен жабдықтау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты


Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,ассоц.проф.

 К.К. Алимова

« 14 »  2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Қызылорда облысындағы Бірлік ауылдық округін сумен
жабдықтау»


Мамандығы 5В080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»


Орындаған

С.С. Есмағанбет

Жетекші

PhD докторы, лектор

 Т.А.Рахимов

« 15 »  2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., ассоц. проф.
К.К.Алимова

«14» мамыр 2019ж.

Дипломдық жоба орындауға ТАПСЫРМА

Білім алушы Есмағанбет Сая Саматқызы

Тақырыбы Қызылорда облысы Бірлік ауылдық округін сумен жабдықтау
Университет Ректорының 2019 жылғы «01» сәуір №1912-б бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2019 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Халық саны, елді мекеннің
аумағы, тұрғындардың тығыздығы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Технологиялық бөлім;

б) Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы бөлімі;

в) Экономикалық бөлім;

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Бірлік ауылдық округінің бас жоспары;

2) Су құбыры торабының монтаждық сұлбасы;

3) Су тазарту ғимараттары;

4) Арынды су мұнарасы.




Ұсынылатын негізгі әдебиеттер 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау


КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер Тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	12.02.2019-30.03.2019	орындауға
Құрылыс технологиясы бөлімі	01.04.2019-16.04.2019	орындауға
Экономикалық бөлім	16.04.2019-30.04.2019	орындауға

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
Норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі ғылыми дәрежесі, атағы	Қол қойылған мерзім	Қолы
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	Т.А.Рахимов, PhD докторы, Лектор	15.05.2019	
Экономикалық бөлім	Т.А.Рахимов, PhD докторы, Лектор	15.05.2019	
Норма бақылау	А.Н.Хойшиев, техн.ғыл.канд., Лектор	17.05.2019	

Жетекші



Т.А.Рахимов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



С.С.Есмағанбет

Күні

« 16 » мамыр 2019ж.

АНДАПТА

Бұл жобада Қызылорда облысы Жанакорған ауданы Бірлік ауылын сумен қамтамасыз ету қарастырылады. Сумен жабдықтау жүйесінің ең басты мақсаты – тұтынушыларды сумен қамтамасыз етіп, сол судың санитарлы-гигиеналық талаптарына толығымен жауап беру болып табылады. Жалпы халықты сумен қамтамасыздандыру кезінде санитарлы – эпидемиологиялық жағдайларын естен шығармау басты шарт болып табылады. Тұтынушыларды қауіпсіз, таза және су тұтыну талаптарын толығымен қанағаттандыратын сумен қамыту мәселесін ел басы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев және ҚР Үкіметінің тұрақты бақылауына алды. Сонымен қатар «2004-2015 жылдарға ҚР экологиялық қауіпсіздігінің концепциясы», «ҚР 2010 жылға дейін су секторларының дамуындағы экономика және сушаруашылығының саясаты концепциясы» салалық құрылды.

АННОТАЦИЯ

Было отмечено, что по Посланию Главы государства обеспечение питьевой водой на территории Республики Казахстан должно быть полностью осуществлено в 2020 году. Как известно, вода-источник жизни. В условиях развитой науки и техники должен быть Доступный мир, который необходим для жизни. С развитием времени возрастает ее потребление. Количество качественной и чистой воды очень ценное для нас вещество. Это большая цель, чтобы передать его будущему поколению. Водообеспечением называется водоснабжение определенного региона, производства, сельской местности с изъятием из природного комплекса, улучшением качества и доведением его до населения. В этой связи централизованное снабжение населения должно быть доведено до потребителей с системой или удалением поверхностных или подземных вод с проведением обработки, обезвреживания.

ABSTRACT

It was noted that according to the Address of the Head of state, the provision of drinking water in the territory of the Republic of Kazakhstan should be fully implemented in 2020. As you know, water is the source of life. In the conditions of advanced science and technology, there should be an Accessible world that is necessary for life. With the development of time increases its consumption. The amount of quality and clean water is a very valuable substance for us. It is a great goal to pass it on to the future generation. Water supply is the water supply of a certain region, production, rural areas with withdrawal from the natural complex, improvement of quality and bringing it to the population. In this regard, the centralized supply of the population should be brought to consumers with a system or removal of surface or underground water with treatment, neutralization.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Технологиялық бөлім	8
1.1 Елді мекенді сумен жабдықтау	8
1.2 Климаттық жағдайы	8
1.3 Инженерлік геологиялық және гидрологиялық жағдайлар	9
1.4 Топырақтың физикалық механикалық қасиеттері	9
1.5 Ауыл тұрғындарына қажетті су мөлшерін анықтау	10
1.6 Аймақтың тұйықталған торап есебі.	11
1.7 Сумен жабдықтау жүйесінің гидравликалық есебі	11
1.8 Есепті су шығындарын анықтау	12
1.9 Орташа тәуліктік су шығыны	12
1.10 Тәуліктік максималды су шығыны	13
1.11 Сағаттық су шығындар	13
1.12 Минималды сағаттық су шығыны	
1.13 Жасыл алқапты суғаруға керекті су шығыны	14
1.14 Өрт сөндіруге қажетті су шығыны	14
1.15 Өндірістік судың керекті тәуліктік орташа су шығыны	15
1.16 Есептік секундтық су шығынын анықтау	16
1.17 Тәуліктегі үзіліссіз су тұтынушылар секундтық сушығыны	17
1.18 Су құбыры жүйесінің бөлігіндегі су шығынын анықтау	18
1.19 Сорап станциясының жұмыс режимін анықтау	19
1.20 Таза су резервуар сыйымдылығын анықтау	20
1.21 Арынды құбырдың гидравликалық есебі	21
1.22 II сорап станциясының арын су шығынын анықтау есебі	22
2 Құрылыс технологиясы бөлімі	23
2.1 Жер жұмыстарын жүргізу	23
2.2 Траншеяның геометриялық және көлемдерін анықтау	24
2.3 Жер қазу жұмыстарының механизмін таңдау	25
2.4 Құрылыс алаңына қажетті су мөлшері	25
2.5 Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	25
3 Экономикалық бөлім	26
3.1 Су құбыр торабының құрылыс құнын анықтау	27
3.2 Материалдарға кететін шығындар	27
3.3 Электроэнергетикаға кететін шығындар	28
ҚОРЫТЫНДЫ	29
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	30
ҚОСЫМШАЛАР	31

КІРІСПЕ

Елбасының жолдауы бойынша Қазақстан республикасының аумағында ауыз сумен қамтамасыздандырылу 2020 жылы толықтай жүзеге асырылуы тиіс екені айтылып өтілген. Су тіршілік көзі екені бәрімізге мәлім. Ғылым мен техниканың дамыған шағында өмір сүруге ең қажетті дүниенің қолжетімді болуы тиіс. Заман дамыған сайын оның тұтыну мөлшері де артпақ. Сапалы әрі таза су мөлшері біз үшін өте құнды зат. Оны болашақ ұрпағымызға жеткізе білу үлкен мақсат болып табылады.

Белгілі бір өңірді, өндіріс орнын, ауылдық жерді табиғат кешенінен алынып, сапасын жақсартып отырып, халыққа жеткізе отырып сумен қамтуды сумен жабдықтау деп аталады. Осыған орай халыққа орталықтандырылған жабдықтау жүйемен немесе жер үстіндегі не астындағы суларды ала отырып, өңдеу, залалсыздандырылу жұмыстарын жүргізе отырып тұтынушыларға жеткізілуі тиіс.

Қалалық жерлерде сумен қамту жүйесі жақсы дамыған, осыған орай салқын су, ыстық су жүйесімен жабдықталған. Ал ауылдық өңірлерде әлі толықтай қамтамасыз етіле қойған жоқ. Қазіргі өмір сүріп жатқан заманымызда бұндай жағдайға қалайша мүмкін деп таң қала қараймыз. Ауылдық тұрмыс қалалық аудандағы күнделікті су тұтыну мөлшері әлде қайда жоғары болғанымен, олар әр суды үнемдеп қолдану арқылы бәріне жеткізе біледі. Тұрмыс тіршілікке, мал суғаруға, жасыл желекті суғаруға жеткізе біледі. Олар ол суды құдықтан алып суғарады. Әрине әр үйде бір құдықтан бар деп айталмаймын. Құдық жоқ үйлер көршілерінен алуға мәжбүр. Тұрмысы көп еңбектенуді қажет етеді. Көп еңбектену жастар қауымына дұрыс болғанымен, үлкен жасы келген қарияларымыздың денсаулығына нұқсан келтіретіні сөзсіз мәлім. Мемлекетіміздің әр аймағын, түкпір түкпірін сапалы сумен қамту біздің басты міндетіміз. Осыған орай менің дипломдық жұмысым алтын бесік ауылымды сумен қамту болып табылады. Ауылдың жағдайын, тұрмысын өз көзімен бақылағанымнан түйгенім бойынша біз әр ауылды сумен қамтасак, олардың тұрмысы әлдеқайда жақсаратыны белгілі. Егін егу мөлшері артады. Өндіріс орындары ашылады. Мемлекетіміздің дамуына үлкен үлес қосылады. Қолдан келгенше кәсіпкерлікпен айналысуға да мүмкіндіктер ашылады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Елді мекенді сумен жабдықтау

Елді мекенді сумен жабдықтау жүйесінің орналасқан жері Қызылорда қаласы Жаңақоған ауданы Бірлік ауылы. Жаңақорған әкімшілік аумағынан 24 км оңтүстік - шығысында орналасқан. «Ақүйік» ауылдық округіне қарасады. Құрылыс уақытында істен шыққан шойыннан жасалған 12км су құбыры бар. Су жинау қоймасы алаңға бөлінген. Бірінші алаңдағы ескі су мұнарасының көлемі 25м³. Ал екіншісі бұзылған ғимараттағы сорап станциясының ұңғымасы. Тұрғындар шахталық құдықтағы суды пайдалануда. Құдықтың тереңдігі 7-8м. Сапасы көңіл толтыратындай, санитарлық-эпидемиялық талаптарға сәйкес емес. Бала-бақша, мектеп, клуб, тойхана, аурухана, дәріхана бар.

1.2 Климаттық жағдайы

Жаңақорған әкімшілік аумағындағы Бірлік ауылдық округінің климаттық жағдайы жазғы күндері аптап құрғақ ыстықпен, қысқы күндері суық әрі тұрақсыз қар қалыңдығымен сипатталады.

Ауа райы температурасы тәуліктік және жылдық ағымдық үлкен тербеліс амплитудасына ұшырайды.

Өте жылы маусымдағы орташа максималдық температурасы – 34,1°С. ал өте салқын айларда минус 12°С, бескүндік минус 24°С, тәуліктік минус 30°С. Абсолюттік максималды температура 46°С құрайды, ал абсолюттік минималды минус 38°С. Суық кезеңнің тербелісі 3 айдан 4 айға созылады. Ал жылы кезең 8 айға созылады (наурыздан қазанға дейін).

Көпжылдық жауын шашын мөлшері 156мм-ден 147мм-ге дейін өзгеріп отырады.

Жауын шашын мөлшері қараша наурыз айында 73мм, сәуір қазан айларында - 56мм.

Желдің бағыты желтоқсан-ақпан айларында СШ (солтүстік-шығыс), маусым-тамыз С және СШ (солтүстік, солтүстік-шығыс).

Максималды орташа желдің жылдамдығы қаңтар айында 4,5м/сек минималды шілде айында 3,1м/сек.

Нормативтік мұздың қату тереңдігі 0,76м, ал қиыршық тасты шөгінділер грунттық 1,26м.

Грунтқа ену тереңдігі 0°С: саздық - 0,86м, қиыршық тасты шөгінділер грунттық - 1,36м.

Ылғалдылық аймағы – 3(құрғақ).

Қардың қалыңдық ауданы –1.

Жел қысымы ауданы бойынша – III.

Мұздың қатуы бойынша ауданы – III.

1.3 Инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлар

Жер асты сулары 2011 жылдың қаңтар айынан мамыр айына дейін 3,0-8м тереңдіктегі қазбалармен өткен жұмыстар ауданы шегінде ашылмаған. Шамамен жер асты сулары 5-10м тереңдікте жатыр. Аудан аумағы 5-10 және одан да көп метр жер асты суларының басым тереңдігі кезінде жер асты ағынымен қамтамасыз етілген табиғи дренаждау аймағында орналасқан. Участке аумағында орналасқан пайдалану ұңғымаларынан алынған сынамалардың химиялық, бактериологиялық және радиологиялық талдаулары негізінде беріледі. Жоғарғы бор шөгінділерінің жер асты сулары 0,33-тен 0,42 г/л-ге дейін минералданумен және гидрокарбонатты кальцийлі-натрийлік құраммен сипатталады. Төмендегі кестеде жер асты суларының сапалық құрамын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді келтіреміз.

Су – тұщы, қоспасыз, иіссіз, температура – 31,50 С, рН – 8,2.

Аумақтағы №3165 ұңғымадан зерттелетін су бактериологиялық көрсеткіштер бойынша ҚР СанНжЕ 3.01.067-97 сәйкес келеді.

Талдау нәтижелері коли-индекс-3, жалпы микробтық Сан-15.

Осылайша, жоғарғы борлы шөгінділердің жер асты суларының химиялық-бактериологиялық және радиологиялық талдаулары бұл судың ауыз суға қойылатын ҚР СанНжЕ 3.01.067-97 талаптарын қанағаттандыратынын және халықты шаруашылық - ауыз сумен жабдықтау үшін жарамды екенін куәландырады.

1.4 Топырақтың физикалық-механикалық қасиеттері. Топырақтың тұздануы және агрессивтілігі

Зерттелетін аудан шегінде (бес инженерлік-геологиялық элементтер (ИГЭ)):

Бірінші - ашық қоңыр, макро кеуекті, қатты, шөгінді саздақ. Саздақтың өз салмағынан шөгу кезінде байқалмайды. Саздақтың отырғызу қасиеттері бойынша алаңның топырақ жағдайларының түрі:

Екінші - қиыршық тасты-галечникті топырақ;

Үшінші - құм ұсақ, борпылдақ, суға аз мөлшерде;

Төртінші - палеогенді балшық жасыл, тұтқыр және желді;

Бесінші - сазды цементтегі құмдақ.

Инженерлік-геологиялық элементтердің топырақтары физикалық, берік, деформациялық және шөгінді қасиеттерінің ұсынылатын нормативтік көрсеткіштерінің мынадай мәндерімен сипатталады (1 кесте).

Жобаланатын объектінің жеңіл және орташа еритін тұздардың құрамы бойынша алаңының топырақтары 3,0 м тереңдікке дейін орташа тұздалған және қатты тұздалған. Құрғақ қалдық мөлшері 0,462-ден 9,969% - ға дейін құрайды. МЕСТ 10178-85 бойынша портландцементте су өткізбеушілік бойынша W₄ маркалы бетонның SO₄ ионына қайта есептегенде сульфаттардың құрамы бойынша жобаланатын алаңдардың топырақтары күштіагрессивті, ал сульфатқа төзімді портландцементте бетон үшін МЕСТ 22266-94 бойынша-әлсіз агрессивті (нормативтік құрамы SO₄ =7427 мг/кг.)

Портландцементте бетондар үшін Cl иондарына қайта есептегенде хлоридтердің құрамы бойынша жобаланатын алаңдардың топырақтары, МЕСТ 10178-85 бойынша шлакопортландцементте және сульфатқа төзімді цементтерде МЕСТ 22266-94 бойынша – күшті агрессивті (Cl = 1282,6 мг/кг).

1.5 Ауыл тұрғындарына қажетті ауыз су мөлшерін анықтау.

$Q_{\text{орт тәу}}$, м³ – орташа тәуліктік шығынды мына формуламен анықтаймыз

$$Q_{\text{орт тәу}} = \frac{N_{\text{ж}} \cdot q_{\text{ж}}}{1000}, \quad (1)$$

мұндағы $N_{\text{ж}}$ – тұрғын саны (адам), $q_{\text{ж}}$ – су шығыны, м³/с.

1.6 Аймақтың тұйықталған торап есебі. Аймақтағы қажетті тәуліктік, максималды және секундтық су шығынын анықтау.

Тораптың максималды секундтық шығынын $q_{7, 8, 9, 10, 11, 12, 13} = 1$ [л/с] қабылдап аламыз. $H_{\text{еркін}} = 10$ м тең болды.

Тораптың нүктелеріне сәйкес – максималды шығын, еркін арын, жер бетінің белгілері және әр бөлік ұзындықтарын формула бойынша анықтап аламыз. Су шығындарын 4-ші нүктеден анықтаймыз. Есептік шығын буындағы шығындардың қосындысына тең болады, олар берілген бөлікте орналасқан.

Су шығынын анықтағаннан соң әр бөлікке гидравликалық есеп жүргіземіз. Q , [м³/тәу] – су шығыны келесі формуламен анықталды

$$Q = w \cdot v, \quad (2)$$

мұндағы v – 0,80 м/с мәнін қабылдап алдым;

w – көлденең құбыр қимасының ауданы. Ал оны мына формуламен анықтаймыз:

$$w = \pi \cdot r^2. \quad (3)$$

Құбырдың диаметрін анықтау формаласы

$$d = \sqrt{\frac{4q}{\pi v}} \quad (4)$$

1.7 Сумен жабдықтау жүйесінің гидравликалық есебі. Тораптың арын жоғалуын есептеу.

Құбыр диаметрін анықтағанда су жылдамдығының қолайлы мәніне мән беріледі. Су мөлшеріне сәйкес Ф.А. Шевелевтың кестесі бойынша құбыр диаметрі – d , су жылдамдығы – v , құбырдың 1000мдегі еңістігі – i анықталады. Су құбыр бөлігіндегі h , м – арын жоғалу келесі формуламен анықталады

$$h = i \cdot l, \quad (5)$$

мұндағы i – құбыр бойындағы гидравликалық еңестік;
 l – бөліктің ұзындығы.

Магистралдық құбырды белгілейміз. Магистралдық құбыр тұйықталған тораптың ең алыс және ең биік нүктесіндегі ең көп су шығынымен белгіленеді. 11, 12, 13 нүктелердегі су шығыны біркелкі және және 8-12, 9-13 бөлік ұзындықтары да бірдей болғандықтан ең алыс 13 нүкте болып саналады. Ал тұйықталған тораптың 4-7-8-9-13 бөліктері магистралдық құбыр болып саналады.

Максималды су тұтыну кезіндегі жүйенің үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін су шығыны q_4 және құбыр арыны H_4 табу керек. 4 нүктедегі су шығыны

$$q_4 = q_7 + q_8 + q_9 + q_{10} + q_{11} + q_{12} + q_{13} \quad (6)$$

мұндағы $q_7, q_8, q_9, q_{10}, q_{11}, q_{12}, q_{13}$ – су құбыр торабының 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 нүктелеріндегі су шығыны. 4 нүктедегі арын келесі формуламен анықталады:

$$H_4 = H_{16} + \sum h + z_9 - z_4, \quad (7)$$

мұндағы $\sum h$ – магистралдық құбырдағы арын жоғалу

$$H_{16} = 10 + 4(N_{\text{каб.}} - 1). \quad (8)$$

$$\sum h = h_{4-7} + h_{7-8} + h_{8-9} + h_{9-13} + h_{13-14} + h_{9-15} + h_{12-16}, [м] \quad (9)$$

$$\sum h = 2,5 + 2,8 + 5,8 + 2,7 + 2,3 + 1,6 + 1,6 + 0,6 + 0,9 + 2,2 = 23 \text{ м}$$

мұндағы h_{4-7} , h_{7-8} , h_{8-9} – магистралдық құбырдың көрсетілген бөліктеріндегі арын жоғалу;
 $z_9, z_4 = 9, 4$ нүктелердегі жер бетінің белгісі.

1.8 Есепті су шығындарын анықтау

Айналмалы тораптың тәуліктік су шығынын есептегенде 2 кестеден алынатын шаруашылық ауыз су мөлшері мен тұрғындардың санына байланысты есептелінеді. Су тұтыну мөлшері құрылыстың абаттандыру дәрежесі мен су тұтынушылардың орналасқан жерінің ауа райына байланысты алынады.

1.9 Орташа тәуліктік су шығыны

Аймақтың $Q_{\text{орт.тәу}}$, м³/тәу орташа тәуліктік су шығыны мына формуламен анықталады

$$Q_{\text{орт.тәу}} = \frac{n \cdot q}{1000} \quad (10)$$

Тұрмыстық аймаққа қажетті шаруашылық ауыз судың қажетті $Q_{\text{орт.тәу.аум}}$ м³/тәу тәуліктік орташа су шығынын есептеу келесі формуламен анықталады

$$Q_{\text{орт.тәу.аум.}} = q_{a.c} \cdot P \cdot F \quad (11)$$

мұндағы $q_{a.c}$ – су тұтыну мөлшері;

P – орналасқан адамдар тығыздығы, адам/га;

F – елді мекен ауданы, м², га.

Мал шаруашылық аумағының $Q_{\text{орт.тәу.мал.шар}}$, [м³/тәу] орташа тәуліктік су шығыны мына формуламен анықталады

$$Q_{\text{орт.тәу.мал.шар}} = \frac{n \cdot q_{\text{орт}}}{1000} \quad (12)$$

Өнеркәсіп орындарының орташа тәуліктік су шығынының формуласы

$$Q_{\text{орт.тәу.өнерк}} = n \cdot q_{\text{орт}} / 1000 \quad (13)$$

Елді мекеннің орташа тәуліктік су шығынын анықтаймыз

$$Q_{\text{орт.тәу.елд.мек}} = Q_{\text{орт.тәу.мал.шар}} + Q_{\text{орт.тәу.өнд.ор}} + Q_{\text{орт.тәу.мек}} + Q_{\text{орт.тәу.тұрм}} \quad (14)$$

1.10 Тәуліктік максималды су шығыны

Тәуліктік ең көп максималды су тұтыну мөлшері – $Q_{\text{макс.тәу.тұрм}}$, $[м^3/тәу]$ анықталу формуласы

$$Q_{\text{макс.тәу.тұрм}} = K_{\text{тәу.макс}} \cdot Q_{\text{орт.тәу.елдемек}}, \quad (15)$$

мұндағы $K_{\text{макс}}$ – тұрғындардың тұрмыстық орналасуын, өндіріс орнының жұмыс режимін, құрылыстың абаттандыру дәрежесін ескеретін, сондай-ақ су тұтынудың мезгілдік және тәуліктік су тұтынудың тәуліктік біркелкісіздік, тұрақсыздық коэффициенті.

Тұрмыстық аумаққа – $K_{\text{тәу.макс}} = 1,2$

Мал шаруашылыққа – $K_{\text{тәу.макс}} = 1,1$

Өнеркәсіп орнына – $K_{\text{тәу.макс}} = 1,0$

Тұрмыстық аумағына қажетті тәуліктік максималды су тұтыну мөлшері – $Q_{\text{макс.тәу.тұр.аум}}$, $м^3/тәу$ келесі формуламен анықтаймыз

$$Q_{\text{макс.тәу.тұр.аум}} = k_{\text{тәу.макс}} \cdot Q_{\text{орт.тәу.тұр.аум}} \quad (16)$$

Мал шаруашылығына қажетті тәуліктік максималды су тұтыну мөлшерін – $Q_{\text{макс.тәу.мал.шар}}$, $м^3/тәу$ анықтаймыз

$$Q_{\text{макс.тәу.мал.шар}} = k_{\text{тәу.макс}} \cdot Q_{\text{орт.тәу.мал.шар}} \quad (17)$$

Өнеркәсіп орнына керекті максималды су тұтыну мөлшерін – $Q_{\text{макс.тәу.өнерк}}$ $м^3/тәу$ анықтаймыз

$$Q_{\text{макс.тәу.өнерк}} = k_{\text{тәу.макс}} \cdot Q_{\text{орт.тәу.өнерк}} \quad (18)$$

1.11 Сағаттық су шығындар

Тұрмыстық аумағына қажетті шаруашылық ауыз судың қажетті орташа сағаттық су шығыны – $Q_{\text{орт.сағ}}$, $м^3/тәу$ осылай анықталады

$$Q_{\text{орт.сағ}} = \frac{Q}{24} \quad (19)$$

Ал, максималды сағаттық су шығыны – $Q_{\text{макс.сағ}}$ $м^3/тәу$ келесі формуламен анықталады

$$Q_{\text{макс.сағ}} = \frac{k_{\text{макс.сағ}} \cdot Q_{\text{тәу.макс}}}{24} \quad (20)$$

мұндағы $k_{\text{макс.сағ}}$ – сағаттық максималдық тұрақсыз коэффициент.

Керекті шаруашылық ауыз су мөлшерін кестеден сәйкес максималды сағаттық тұрақсыздық коэффициентін бойынша анықтаймыз

$$k_{\text{макс.сағ}} = \alpha_{\text{макс}} \cdot \beta_{\text{макс}} \quad (21)$$

мұндағы $\alpha_{\text{макс}}$ – құрылыстың абаттандырылуын ескеретін коэффициент. $\alpha_{\text{макс}} = 1,2$ мәнін қабылдап алдым. $\beta_{\text{макс}}$ – елді мекендегі жалпы тұрғындар санын ескеретін коэффициент анықталады

$$\beta_{\text{макс}} = 1 + \frac{1}{\sqrt{N_{\text{ж}}}} \quad (22)$$

мұндағы $N_{\text{ж}}$ – аймақтың тұрғындар саны, мың.ад.

1.12 Минималды сағаттық су шығыны

Елді мекеннің тұрмыстық аумағына қажетті шаруашылық ауыз судың қажетті $Q_{\text{мин.сағ}}$, м³/тәу – минималды сағаттық су шығыны келесі формуламен анықталады

$$Q_{\text{мин.сағ}} = \frac{k_{\text{мин.сағ}} \cdot Q_{\text{тәу.орт}}}{24} = 36 \quad (23)$$

мұндағы $k_{\text{мин.сағ}}$ - сағаттық минималды біркелкісіздік коэффициент.

Елді мекенге қажетті шаруашылық ауыз су мөлшерін тәуліктік әр сағатқа тиесілі типтік графигіне сәйкес минималды сағаттық тұрақсыздық коэффициенті $K_{\text{сағ.мин}}$ бойынша анықтайды

$$k_{\text{сағ.мин}} = \alpha_{\text{мин}} \cdot \beta_{\text{мин}}, \quad (24)$$

мұндағы $\alpha_{\text{мин}}$ – абаттандырылу дәрежесі және жергілікті жағдайды ескеретін коэффициент. $\alpha_{\text{мин}} = 0,5$ мәнін қабылдадым.

1.13 Жасыл алқапты суғаруға керекті су шығыны

$$F_{\text{ж.а.}} = F_{\text{елд.мек}} \cdot F\%, \quad (25)$$

мұндағы $F, м^2$ – елді мекен ауданы. Елді мекендегі жер суаруға қажетті су шығындар жасыл алқапты суаруға, жолды суландыруға керекті су шығындарының қосындысымен анықталады

$$Q_{орт.тәу.жас.ал} = F_{ж.а.} \cdot q_{ж.а.} \quad (26)$$

1.14 Өрт сөндіруге қажетті су шығыны

Өрт сөндіруге қажетті су шығынды тұрғындардың санына байланысты және қабат санына байланысты кестеден алдым

$$Q_{орт.орт.тәу} = q_{орт.өрт.} \cdot N_{орт.орт.} \quad (27)$$

мұндағы $q_{орт.өрт.}$ – өртті сөндіруге кететін орташа су көлемі, л/с;
 $N_{өнд.орт.}$ – тұрғындар санына байланысты өрттік коэффициент.

1.15 Өндірістік судың керекті тәуліктік орташа су шығыны

Өндіріс орнының су шығыны оның технологиялық қажеттілігіне, шаруашылық ауыз суға, душты қабылдауға қажетті су шығындарының қосындысымен анықталады:

а) өндіріс орнының технологиялық қажеттілігіне қажетті су шығыны

$$Q_{өнд.ор.тех.} = q \cdot N, [м^3/тәу] \quad (28)$$

б) өндіріс орнының шаруашылық ауыз суға қажеттілігіне қажетті су шығыны ыстық цехінде бір ауысымда бір жұмысшыға 45л, ал салқын цехта 25л деп қабылдаймын. Су тұтыну тұрақсыздық коэффициентін 2,5 және 3,0 деп қабылдаған жөн деп есептедім. Жұмысшылардың душты қабылдау кезіндегі су шығыны бір су себерге 45 мин ішінде душ қабылдаған кезде 500 л/сағ су шығындалады деп есептедім

$$Q_{душ} = \frac{N \cdot q \cdot 45}{1000 \cdot n \cdot 60}, \quad (29)$$

мұндағы N – ауысымдағы су қабылдаушылар саны;
 q – бір су себерге қажетті су шығыны;
 n – бір су себерге келетін адам саны;
45 – душты қабылдау уақыт;
60 сағаттағы минут саны.

Өндіріс орындарының әр цехына қажетті шаруашылық ауыз судың орташа тәуліктік су шығыны келесі формуламен анықталады

$$Q_{\text{см}} = q_{\text{н}} \cdot N_{\text{см}} \cdot 10^{-3} \quad (30)$$

мұндағы $q_{\text{н}}$ – шығаратын бір затқа жұмсалатын су мөлшері - 150л;

$N_{\text{см}}$ – өндіріс орнының бір ауысымдағы шығаратын зат саны – 2
Сусебер саны келесі формуламен анықталады

$$n_{\text{душ}} = \frac{N_{\text{мак}}}{N_{\text{н}}}, \quad (31)$$

мұндағы $N_{\text{мак}}$ – максималды ауысымдағы душты қабылдау жұмысшылар саны;

$N_{\text{н}}$ – бір сусеберге келетін адам саны.

Душқа келетін орташа тәуліктік су шығыны анықталады

$$Q_{\text{душ.сут.орт.}} = 0,75 \cdot q_{\text{н}} \cdot n_{\text{душ}} \cdot n_{\text{см}} \cdot 10^{-3}, \quad (32)$$

мұндағы $q_{\text{н}}$ – бір су себерге келетін су шығынының мөлшері, суық су үшін 230 л/сағ;

$n_{\text{см}}$ – тәуліктегі жұмыстық ауысым саны;

0,75 – душты қабылдау уақытын ескеретін коэффициент.

1.16 Есептік секундтық су шығынын анықтау

Есепті секундтық су шығыны әр бір су тұтынушыларға жеке-жеке анықталады. Олар тәулік бойы үзіліссіз су тұтынушылар және уақытымен су тұтынушылар болып бөлінеді. Елді мекен, сүт фермасы, құс фермасы және шағын цех, өндіріс орындары, мектеп тәулік бойы үзіліссіз су тұтынушылар болса көшелерді суландыру мен жасыл алқаптарды суару тәуліктегі үзіліспен су тұтынушыларға жатады. Тәуліктегі үзіліссіз су тұтынушылар үшін есепті секундтық су шығыны – q , л/с келесі формуламен анықталады

$$q = \frac{K_{\text{сағ}} \cdot Q \cdot 1000}{86400}, \quad (34)$$

мұндағы $K_{\text{сағ}}$ – тәуліктегі су шығынының тербелісін анықтайтын сағаттық тұрақсыздық коэффициенті. $K_{\text{сағ}} = 1,2$ деп алдым;

$Q_{\text{макс.тау}}$, м³ – тәуліктік ең көп су тұтыну мөлшері. Тәуліктегі үзіліспен секундтық су шығыны келесі формуламен анықталады

$$q = \frac{Q \cdot 1000}{T \cdot 3600}, \quad (35)$$

мұндағы T – тәуліктегі су тұтыну уақыты. Көшелерді суландыру мен жасыл алқаптарды суару кранының жұмыс жасау уақыты тәулігіне 5-6 сағ.

1.17 Тәуліктегі үзіліссіз су тұтынушылар үшін есепті секундтық су шығыны

Елді мекеннің тәуліктегі үзіліссіз секундтық су шығынын анықтау үшін мына формуланы қолданамыз

$$q_{\text{елд.м}} = \frac{K_{\text{сағ елд.м}} \cdot Q_{\text{тәу.мак елд.м}} \cdot 1000}{86400} \quad (36)$$

Мектептің үзіліссіз су шығыны

$$q_{\text{мек}} = \frac{K_{\text{сағ мек}} \cdot Q_{\text{тәу.мак мек}} \cdot 1000}{86400} \quad (37)$$

Мал шаруашылығы бойынша су шығыны

$$q_{\text{мал.шар.}} = \frac{K_{\text{сағ малш}} \cdot Q_{\text{тәу.мак малш}} \cdot 1000}{86400} \quad (38)$$

Өндіріс орындарындағы су шығыны

$$q_{\text{өнд.ор.}} = \frac{K_{\text{час өнд}} \cdot Q_{\text{тәу.мак өнд}} \cdot 1000}{86400} \quad (39)$$

Көшелерді суландыру мен жасыл алқаптарды суғару

$$q_{\text{көш.су}} = \frac{Q_{\text{тәу.мак көш.су}} \cdot 1000}{T \cdot 3600} \quad (40)$$

1.18 Магистралды құбырды гидравликалық есептері

Айналмалы су құбыр торабын есептеу үшін су тұтыну желіден су тарату сұлбаны жасау керек. Есепті сұлбаға кез келген масштабты қабылдаған жөн. Торапты есептеу үшін оны әр бір бөліктерге бөледі. Бөліктің бастапқы және соңғы нүктелерін (түйіндерін) белгілеп, олардың ара қашықтығын анықтайды. Барлық нүктедегі түйіннен орталықтандырылған шығындар алынады.

Орталықтандырылған шығындар деп ірі-ірі су тұтынушыларды айтады. (жолаушылар ғимараты, шағын цех, локомотивтік депо, авто базалар, көшелерді суландыру мен жасыл алқаптарды суару крандары) Гидравликалық есептерді жүргізу алдында есепті сұлбаға орталықтандырылған шығындарды әр түйінге белгілеу керек.

1.19 Меншікті, жол-жөнекей және түйін шығындарын анықтау. Айналмалы тораптың гидравликалық есебі

Айналмалы тораптағы елді мекенге қажетті су шығын қай бөліктен қанша алынып жатқаны белгісіз болғандықтан гидравликалық есеп жүргізер алдында су тарату ыңғайлы сұлбаны қабылдайды. Айналмалы тораптың жалпы құбыр ұзындығының бойында әр бір метрінде, әр секунд сайын су шығыны біркелкі таратылып жатыр деген ұғым кіргізіледі. Су құбырының 1 пог. м. бөлігінен өтетін су мөлшерін меншікті шығын деп атайды. Елді мекеннің шаруашылық ауыз су шығыны мен көшелерді суландыру және жасыл алқаптарды суаруға кететін су шығындарының қосындысын су құбыр бөлігінің барлық ұзындығының қосындысына қатынасымен меншікті шығын анықталады

$$q_{м.ш.} = \frac{q}{\sum l} \quad (41)$$

Меншікті шығынды біле отырып әр есепті бөліктен алынатын жол жөнекей су шығынын анықтауға болады.

$$q_{ж.ж.} = q_{м.ш.} \cdot l \quad (42)$$

Ары қарай жол жөнекей шығындарының бір келкі таратылуын қамтамасыз ету үшін орталықтандырылған шығындары ескере отырып есепті жүргізеді. Су құбыр торабының әр түйінінің орталықтандырылған шығыны, сол бөлікке келетін жол жөнекей шығынының жартысына тең

$$q_{түй} = 0,5 \cdot \sum q_{жж} \quad (43)$$

Бірақ әр түйіннің өзіне тиесілі орталықтандырылған шығыны болғандықтан жалпы әр түйін шығыны келесі формуламен анықталады.

$$q_{жж} = q_{орт} + 0,5 \cdot \sum q_{жж} \quad (44)$$

Су құбыры жүйесінің сұлбасына су шығынының алдын ала бөлінуінің сандық мәні мен бағыты белгіленеді. Ең алыс және ең ірі су тұтынушыларға

қажетті транзиттік су шығыны ең қысқа жолмен берілетінін ескерген дұрыс. Айналымды тораптың әр бөлігіндегі су қозғалысының бағытын белгілеп, олардың түйісетін нүктесін белгілеу керек. Ол нүктеде су екі бағыттан келіп түйісетіндіктен, Кирхгофтың заңдарын ескерген дұрыс. 3 нүктеден су екі бағытқа бөлініп кетеді де, 6 нүктеде екеуі қосылады. Яғни 3-5-6 нүктелер бойынша су сағат тілі бойымен бағытталса, 3-4-6 нүктелер бойынша су сағат тіліне кері бағытталғанын байқауға болады. Ары қарай су құбыр жүйесінің әр бөлігінің есепті шығыны анықталады.

1.20 Таза су резервуар сыйымдылығын анықтау

Таза су резервуар (ТСР) сыйымдылығы үш су көлемінің қосындысымен анықталады: реттеуші көлем, тазалау ғимаратының өзіндік қажеттілігіне жұмсалатын су қор көлемі және өрте қажетті ешкім тиіспейтін су қор көлемі.

